

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК
директоры Қалиева А.Ж.
«24» сәуір 2025 ж. № 10/11 бұйрығы



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі»
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының
АНТИКОРРУПЦИЯЛЫҚ СТАНДАРТЫ

Алматы, 2025 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Антикоррупциялық стандарт Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен антикоррупциялық стандарттарды әзірлеу жөніндегі Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «А. Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚК (бұдан әрі – Училище) барлық қызметкерлеріне ұсынымдық сипатта қолданылады.

2. Антикоррупциялық стандарт қоғамдық қатынастардың дараланған саласы үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін айқындауға арналған.

3. Антикоррупциялық стандарттың мақсаты – сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау, құқықтық сауаттылықты арттыру және Училище қызметінде сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыру.

4. Антикоррупциялық стандарттың міндеттері:

1) қоғамдық қатынастардың дараланған саласында жұмыс істейтін тұлғаларда тұрақты антикоррупциялық мінез-құлық қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың теріс салдарын болдырмау.

5. Антикоррупциялық стандарттың қағидаттары:

1) заңдылық;

2) ашықтық (транспаренттік);

3) этикалық;

4) еке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығысын болдырмау.

6. Антикоррупциялық стандарт дараланған қоғамдық қатынастар саласында жұмыс істейтін тұлғалардың антикоррупциялық мінез-құлықты сақтауы және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуы үшін ұсынылатын талаптарды айқындайды.

7. Антикоррупциялық стандарттың негізінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау көзқарасы тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындауға тікелей қатысты іс-әрекеттер жатыр:

1) антикоррупциялық стандарт қолданылатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу;

4) тиісті қызмет саласының ерекшелігіне байланысты өзге қоғамдық маңызы бар қатынастар.

2. Қоғамдық қатынастардың дараланған саласында жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлық (іс-әрекет) стандарттары (ұсынымдары)

8. Антикоррупциялық стандартпен реттелетін салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алу;

2) Қазақстан халқының бірлігін және елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және өзге де тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау;

3) адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалар өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынаста жалпыға бірдей моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен корректілік таныту;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты шешімдер қабылдау ашықтығын қамтамасыз ету;

5) өз әрекеттері мен мінез-құлқымен қоғам тарапынан негізсіз сынға себеп болмау, сын үшін қысым көрсетпеу, конструктивті сын-ескертпелерді кемшіліктерді жою және қызметті жетілдіру үшін пайдалану;

6) жеке мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және басқа да тұлғалардың қызметіне ықпал ету мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді пайдаланбау;

7) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

8) заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтарды және өзге де құқық бұзушылықтарды жасамау;

9) мемлекеттік органда еңбек заңнамасының, мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың, еңбек тәртібі мен шарттарының, сондай-ақ мемлекеттік қызметке байланысты белгіленген шектеулердің сақталуын қамтамасыз ету.

9. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:

1) мемлекеттік сатып алуға пайдаланылатын қаржы қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) әлеуетті жеткізушілерге мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету (Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда);

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

5) сот орындаушыларының атқарушылық құжаттары бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Бірыңғай борышкерлер тізіліміне енгізілген тұлғалардың әлеуетті жеткізуші ретінде және (немесе) оның қосалқы мердігерлер ретінде қатысуына жол бермеу.

10. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

1) қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының туындауы, жеке мүдделіліктің пайда болуы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына итермелеу, сыйлықтар алу фактілері туралы тікелей немесе тікелей емес басшылыққа дереу баяндау;

2) жеке сипаттағы мәселелерді шешу үшін лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және өзге тұлғалардың қызметіне ықпал етпеу;

3) әріптестерге, басшыларға немесе басқа лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеу, қызметтік өкілеттіктерді пайдалану арқылы мүліктік пайда, игілік немесе артықшылық алу мақсатында қызметтік емес қызмет көрсетпеу;

4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға белсенді қатысу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын ашуға жәрдемдесу;

5) өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды немесе әуре-сарсаңдарды жеделдетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы басшылыққа баяндау;

6) орындауға келіп түскен өкімнің заңдылығына күмән туындаған жағдайда тікелей басшыға жазбаша түрде хабарлау;

7) тікелей басшы мүдделер қақтығысына тартылған жағдайда одан жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

8) кіріс алуға бағытталған кәсіпкерлік немесе өзге де қызметті жүзеге асыруда қандай да бір тұлғаларға жәрдем көрсетуден тартыну.

11. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу кезінде:

1) нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу және талқылау процесіне жұртшылықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету;

2) құрылымдық бөлімшелердің құқықтық актілерді мониторингтеуін және тиісті есептерді тұрақты негізде дайындауын үйлестіру;

3) әзірленген нормативтік құқықтық актілер жобаларын мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жібермес бұрын ашық НҚА интернет-порталында жария талқылауға орналастыру;

4) нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық факторларын немесе олардың белгілерін қамтитын нормаларды пайдаланбау.

12. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру жөніндегі кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде:

1) тағайындау материалдарын қараудың белгіленген мерзімдерін сақтау;

2) жұмысқа қабылдау кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйымдарды және шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

4) лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің жеке деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;

5) қызметке/жұмысқа қабылданатын кандидаттардан еңбек шартына қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

6) қызметкерлерге қатысты қызметтік тергеп-тексерулерді объективті және жан-жақты жүргізу.

13. Өмірдің тиісті саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге қатынастар кезінде:

1) бағынысты лауазымды тұлғалардың міндеттері мен өкілеттік көлемін нақты айқындау;

2) бағынысты лауазымды тұлғалар арасында еңбек жүктемесін әділетсіз бөлмеу;

3) олардың қызмет нәтижелерін бағалауда, көтермелеу және тәртіптік жаза қолдануда әділдік пен объективтілік таныту;

4) бағынышты қызметкерлерге қатысты негізсіз айып тағу, дөрекілік, адам қадір-қасиетін қорлау, әдепсіз немесе коррект емес мінез-құлық көріністеріне жол бермеу;

5) айқын орындалмайтын немесе лауазымдық міндеттер шегінен шығатын, заңнамаға қайшы тапсырмаларды бермеу;

6) қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу үшін бағыныстылардың қызметіне ықпал ету мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді пайдаланбау;

7) бағынысты қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға мәжбүрлемеу;

8) әріптестердің өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын уақтылы және толық көлемде реттеу шараларын қабылдау;

9) мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, қызметтік мүлікті, соның ішінде автокөлік құралдарын, қызметтік мақсатта ұқыпты және тиімді пайдалану;

10) өз лауазымдық міндеттерін орындау кезінде іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге құқық бұзушылықтарды жасамау.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Александр Селезнёв атындағы Алматы хореографиялық училищесі» РМҚҚ
антикоррупциялық стандартымен танысу парағы

[illegible]

